

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 6 наурыздағы № 10/03 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 29 наурызда № 4195 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданының әкімдігінің 2026 жылғы 13 сәуірдегі № 28/06 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданының әкімдігінің 13.04.2026 № 28/06 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы "Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі" Кодексінің 18 және 139 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес аудандық бюджеттің қаражаты есебінен кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар және тарифтік ставкалар алуға құқылы азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандары лауазымдарының тізбесі айқындалсын.

2. Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 13 сәуірдегі № 11/06 " Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3759 болып тіркелген, 2016 жылғы 18 маусымдағы № 24 (1162) "Бұқар жырау жаршысы" аудандық газетінде жарияланған, "Әділет" ақпараттық – құқықтық жүйесінде 2016 жылдың 16 мамырдағы жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Руслан Есенбекович Нурмуханбетовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің

Р. Нурмуханбетов

міндетін атқарушы

Келісілді

Бұқар жырау аудандық
мәслихат хатшысы

_____ А.С.Әли

"__" _____ 2017 жыл

Бұқар жырау аудан әкімдігінің
2017 жылғы 6 наурыздағы
№ 10/03 қаулысына
қосымша

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 19.06.2017 № 24/07 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Денсаулық сақтау мамандарының лауазымдары:

1) мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорынның басшысы және басшының (оның ішінде бірінші) орынбасары, бөлім, зертхана басшысы, дәріхана меңгерушісі;

2) мамандар (бас, аға), оның ішінде: барлық мамандық дәрігерлері, акушер, тіс технигі, медбике, медициналық зертханашы, провизор, психолог, рентген зертханашысы, күтім бойынша әлеуметтік қызметкер, фармацевт, фельдшер, фельдшер-зертханашы, оптик-офтальмолог, оптикометрист, медбике көмекшісі, зертханашы (оның ішінде зертханашы – бактериолог, лаборант – паразитолог, санитарлық – гигиеналық зертхананың зертханашысы).

2. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:

1) бөлімше жетекшілері, оның ішінде: бөлім меңгерушісі;

2) мамандары (бас, аға), оның ішінде: әлеуметтік жұмыс бойынша кеңесші, әлеуметтік жұмыс бойынша маман, күтім бойынша әлеуметтік қызметкер.

3. Білім беру мамандарының лауазымдары:

1) басшы, басшының орынбасары (оның ішінде мектеп, мектепке дейінгі мемлекеттік мекеменің директоры, оқу ісінің және тәрбие ісінің меңгерушілері), әдістемелік кабинеттің меңгерушісі;

2) мамандар (бас, аға), оның ішінде: барлық мамандық мұғалімдері (оның ішінде: дефектолог мұғалім, логопед, бастапқы әскери дайындық мұғалімі, қосымша білім беру педагогы, әлеуметтік педагог), бухгалтер, экономист, әдіскер, психолог, медбике, аға вожатый, вожатый, тәрбиеші, музыка маманы, шығармашылық студия үйірмесінің басшысы, зертханашы, тәрбиешінің

көмекшісі, инженер-программист, кітапханашы, өндірістік оқыту шебері, музыка жетекшісі, нұсқаушы (оның ішінде балалармен жұмыс, еңбек және өндірістік оқыту бойынша).

4. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

1) мәдениет қазыналық мекемесінің басшысы және басшының орынбасары, мұражай директоры, аудандық кітапхана директоры, кітапхана, жинақтау және өңдеу бөлімінің, қызмет көрсету бөлімінің, ақпаратты библиографиялық бөлімінің, даму бөлімінің, мемориалдық кешенмен меңгерушісі;

2) мамандар (бас, аға), оның ішінде: әдіскер (оның ішінде кітапханаларды дамыту бөлімінің), барлық атаулы суретшілер, шығармашылық жетекші, кітапханашы, аға библиограф, экскурсия жетекшісі, редактор, режиссер, мұражай қараушысы, қоюшы-оператор, желілік киноаппаратура және дыбыс жазу операторы, дыбыс режиссері, хореограф, үйірме жетекшісі, солист, музыкалық жетекші, дирижер (оның ішінде оркестр жетекшісі), концертмейстер, инструктор, клуб меңгерушісі, инспектор, мәдени ұйымдастырушы, аккомпаниатор, балетмейстер, бухгалтер, экономист, хормейстер, қорлардың, экспонаттардың құндылығын сақтаушы.

5. Спорт мамандарының лауазымдары:

1) мемлекеттік мекеме мен қазыналық кәсіпорын басшысы және басшының орынбасары, оның ішінде: балалар – жасөспірімдердің спорт мектебінің директоры;

2) барлық мамандық жаттықтырушылары, медбике, бухгалтер, экономист, методист.

6. Ветеринария мамандарының лауазымдары:

1) бөлімше жетекшілері, оның ішінде: мемлекеттік кәсіпорынның директоры және орынбасары;

2) мамандар (бас, аға), оның ішінде: мал дәрігерлері (оның ішінде: дәрігер-терапевт, дәрігер-эпизоотолог, мобильдік топтың дәрігері, дәрігер-паразитолог, дәрігер-гинеколог), мобильді топтың ветеринарлық фельдшері, бас мал дәрігері, ветеринарлық фельдшер (оның ішінде ауылдық округтерде).